

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 ақпан N 265

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Алматы облысының әкіміне 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге, оның ішінде Талдықорған мен Қапшағай қалаларында 2000/2001 жылдарғы жылыту маусымын аяқтау үшін сұйық және қатты отынды сатып алуға - 150 000 000 (жүз елу миллион) теңге және Алматы облысында су тасқынына қарсы шұғыл жұмыстарды жүргізуге 50 000 000

(елу миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.